

ӘОЖ 327.1

ҮНДІСТАН МЕН ПӘКІСТАН АРАСЫНДАҒЫ ДАУЛЫ ҚАҚТЫҒЫСТАР

Абдуллаева Жұлдызай Байдырахманқызы

zhuldyzai.abdullaeva@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰҰ Халықаралық қатынастар факультетінің

Халықаралық қатынастар кафедрасының 2 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Джумадилова Г.М.

Мемлекеттердің арасында әр түрлі мәселерге байланысты қақтығыстар орын алуы мүмкін. Әрине, қақтығыс болған мемлекеттердің экономикасы, экологиялық жағдайы, халқының әл-ахуалы, елдің ішкі және сыртқы саясатындағы жұмыстарының өркендеуіне кері әсерін тигізеді сөзсіз. Екі елдің Кашмир мәселесіне байланысты болған қақтығысы қатты шиеленіскен еді. Яғни, жағдайды ретке келтіру үшін көп уақытты талап етеді. Мемлекеттер өзара ынтымақтастық қарым-қатынасты берік ұстай отырып, шешілмеген түйінді мәселені бірлесіп жасаған да ғана дау жанжал туындамайды.

Кашмир мәселесі 1947 жылы Үндістан мен Пәкістан өз тәуелсіздіктерін алған кезден басталған болатын. Негізінен Кашмир өңірі Үндістанға қосылу туралы шешім қабылдайды, ал қабылданған шешімге Пәкістан тарапы келіспеді, келіспеушіліктің туындауынан 1947 жылы екі мемлекеттің арасында соғыс басталған еді. Орын алған қақтығысқа Біріккен Ұлттар Ұйымы өзара көмек көрсеткен болатын. Соғыстың нәтижесінде 1949 жылы Кашмирдің 60%-ы Үндістанға, ал қалған бөлігі Пәкістанға өтті. Алғашқыда осылайша түйткілді мәселенің шешімі табылғандай болған. Алайда берілген аумақтың бөлігіне Пәкістан тарапынан келіспеушілік жағдайы туындап, 1965 жылы екі ел арасында қайтадан даулы қақтығыс орын алды. Бұл қақтығыс Ресей және бірқатар мемлекеттердің көмегі арқылы тоқтаған еді. 1971

жылы қос тараптың арасында тағы да қарулы қақтығыс болды. Сонымен қатар Үндістан мен Пәкістанның арасында бұл соғыстардан бөлек, көптеген лаңкестік оқиғалар да орын алған еді. Қарахи айлағы Trident операциясында (1971) және Python операциясында екі рет шабуылға ұшырады. Бұл шабуылдар Пәкістанның әскери-теңіз күштерінің басым бөлігін жойды, алайда ешқандай үнді кемесі жоғалмады [1].

Екі мемлекетке де соғыстың келтірген зардабының бірі бұл елдің саясатының, экономикасының дамуын тежеген еді. Себебі елдердің белгілі-бір мәмілеге келе алмауы, түсініспеушіліктің көптеп орын алуы, құқықтық ережелерді сақтамауы, айтылып жатқан пікірлерді қолдамауы елі елге де тиімсіз болды десем де болады.

Үндістан мен Пәкістан арасындағы қарым-қатынастар бірқатар тарихи және саяси оқиғаларға байланысты күрделі және көбінесе өшпенді. Үндістанның су келісімшарты Үндістаннан Пәкістанға ағып жатқан өзендерді басқарады. Су екі елдің арасындағы қақтығыстың бір себебі ретінде айтылды, бірақ бүгінгі таңда Nimo Vazgo жобасы сияқты мәселелер дипломатия арқылы шешілді. 80 жылдардың басынан екі ел арасындағы қарым-қатынастар нашарлап кетті, оған әсіресе Сиачендағы қақтығыстар, 1989 жылғы Кашмир көтерілісінің өршуі, 1998 жылғы көптеген ядролық сынақтар мен 1999 жылғы Каргиладағы соғыс әсер етті. 2003 жылы атысты тоқтату туралы келісім мен Дели-Лахор автобус қызметі сияқты сенімді нығайту шаралары шиеленісті біршама азайтты. Алайда бұл шараларға террористтік шабуылдар кедергі келтіруде. 2001 жылғы Индия парламентіндегі шабуыл екі ел арасындағы ядролық соғысқа әкеле жаздады. Сонымен қатар, 68 азаматтық адамды өлтірген 2007 жылы Самджута Экспресс жарылыстары (олардың көпшілігі Пәкістандық) да үлкен рөл ойнады. Бұдан басқа, 2008 жылы Пәкістанның жақтастары жасаған Мумбайдағы шабуылдар Үндістан мен Пәкістандағы бейбіт келіссөздерге қатты соққы берді [2].

Қақтығыстың көптеп орын алуы өзге мемлекеттерге де тиімсіз болды. Әрине бір – бірімен байланыс орнату қиынға соққаны белгілі. Мәселені жақсы жаққа бұру мақсатында көптеген мемлекеттер және ұйымдар өздерінің көмегін көрсеткен болатын. Алайда бұл шиеленісті тоқтану оңайға соқпай отыр және үлкен қауіп тудырып отырғаны бәріне мәлім.

Осы Үндістан мен Пәкістан арасындағы даулы қақтығыстың туындауын үшдеңгейлі талдау әдісін қолданып талдау жұмысын жасадым. Әрине бұл әлемдегі болған үлкен қақтығыстың бірі десем де болады. Ресей атап айтқанда энергетикалық, әскери – техникалық салаларда өздерінің бәсекеге қабілетті екенін көрсете алады, салалық тәсілді қолданады. Ресейдің сыртқы істер министрі С. Лавровтың Үндістанға жасаған сапары көптеген ғаламдық және аймақтық мәселелерді шешуде ресейлік және үнділік тәсілдердің сәйкес келгендігін тағы да растаған болатын. АҚШ-тың мемлекет хатшысы Майк Помпео Үндістан мен Пәкістанды сабырлық танытуға шақырумен шектелді және екі елдің сыртқы істер министрлігімен келіссөздер жүргізді. 2002 жылы Үндістан мен Пәкістан арасында Кашмирге қатысты кезекті жанжал басталып, арты қарулы қақтығысқа жалғасқан. Сол кезде Қазақстан Президенті Н.Назарбаев қос мемлекеттің басшыларын Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске қатысуға, келіссөз жүргізуге шақырған. Бұл шақыруды екі басшы да қабыл алып, 2002 жылы 3 маусымда Алматыға келген. 4 маусымда өткен саммит кезінде олар өздерінің ядролық қаруын бірінші болып іске қоспайтындары жөнінде мәлімдеме жасаған. 1999 жылдың басында Үндістан мен Пәкістан басшыларының жоғары деңгейдегі кездесулері өткізіліп, бір-біріне жылы қабақ танытқандай болды. Соның әсерімен 1999 жылдың ақпанында Үндістан премьері А.Б.Ваджпай Пәкістанның Лазор қаласына келіп, осы қаладан үндінің Амритсар қаласына жүретін автобус маршрутының ашылу салтанатына қатысып қайтты. Бірақ, соған қарамастан бәрібір «Кашмир мәселесі» шешілмеген түйін болып қала берді [3].

Кесте 1. Үндістан мен Пәкістан арасындағы даулы қақтығыстар: SWOT-талдау
(Дереккөз: автормен құрастырылған)

Күшті тұстары:	Әлсіз тұстары:
1.Халықаралық саяси билікте өзіндік орыны бар 2.Елдермен қатынастың артуы 3.Өз мүдделерін қорғай алуы 4.Діни сауаттылығының болуы 5.Сауда саласына сұраныс артады	1.Сапалы әрі жоғарғы деңгейдегі жұмыс жүргізетін күштің болмау салдары. 2.Теңсіздіктің орын алуы. 3.Құқық бұзушылық 4.Құйылған қаржының өз мақсатына жетпеуі
Мүмкіндіктер:	Қауіптер:
1.Шикізат өнімдерін арттыру 2.Шекараларын кеңейту 3.Темір жол саласына сұраныс көбеюі 4.Қару-жараққа сұранысты көбейту 5.Бәсекеге қабілеттілікті арттыру	1.Халыққа судың жетіспеушілігі 2.Заңсыз қару-жарақтың белең алуы 3.Лаңкестік ұйымдардың артуы 4.Тәуелділіктің болуы 5.Экономиканың құлдырау қаупі

Күшті тұстары: Үндістан мен Пәкістанның халықаралық саяси биліктің өздерінің орындары бар елдердің қатарында. Өздерінің осы кезеңде қойған мақсаттары да болды. Үндістан келіссөз жүргізу барысында өздерінің бағыттарын негізгі принциптерге бөлді. Бейбітшілікті сақтап қалу, құқықтық шеңберді реттеу. Халықаралық байланыста Кашмир аумағын қорғап қалу. Үндістанның басты бөлігі Кашмир жері екенін білу. Пәкістан өздері Кашмир жерін біздің жер деп есептейді. Сонымен қатар осы Кашмир жерін өздерінің аумағы болуы үшін бірнеше бағытты қолдаған. Елге дін саласында еркіндік бере отырып, ішкі және сыртқы саясатты тиімді жұмыс жүргізу. Халықаралық қатынаста осы Кашмир жерін өздерінің жерлерінің бір бөлшегі ретінде көру. Үндістан мен Пәкістан, әсіресе Солтүстік Үндістан және Шығыс Пәкістан, екі ел арасындағы және жалпы солтүстік субконтиненттің ортақ индоариандық мұрасы әсерінен ұқсас мәдениеттер екі ел арасындағы тарихи байланыстарды нығайтады. Британдықтарда тұратын үндістер мен пәкістандар Британдық Азия санатына жатады. Ұлыбритания сондай-ақ Пәкістан мен Үндістан достық форумына қатысады. Көптеген елдерде Үнді диаспорасының және Пәкістан диаспорасының үлкен көлемі диаспоралық қарым-қатынастарды күшейте түсті. Біріккен Корольдікте тұратын британдық үндістер мен британдық пәкістандар бір-бірімен достық қарым-қатынаста деп саналады. Оңтүстік Азиядағы этникалық анклавдарда «Кішкентай Үндістан» және «Кішкентай Пәкістан» бір-бірімен тығыз араласады/4/.

Әлсіз тұстары: Мемлекеттердің бір-біріне деген құрметтіліктің жоқтығы. Екі елде де халықтың көпшілігінің құқық бұзушылығы көбейіп кетті. Бір-бірінің ақыл кеңестерін тыңдамауы. Содан мемлекеттер арасында бейбітшіліктің жоғалуы пайда болары сөзсіз. Қаржының дұрыс игерілмеуі екі елдің де экономикасына кері әсерін тигізеді. Өндіріс орындарының жұмысының дұрыс жүргізілмеуі бұл дамуға кері әсерін тигізеді.

Мүмкіндіктер: Егер екі мемлекеттегі қақтығыстың тоқтауы орын алған жағдайда екі ел арасында ынтымақтастық қарым-қатынас орнайды. Шекараларын кеңейтіп, экономикасын, сауда байланысын нығайтуға жол ашылады. Басқа да мемлекеттермен байланыс орнатып, бәсекелестікке қабілеттіліктерін арттыра алады. Үндістанның ядролық бағдарламасы бойынша бүкіл ел бойынша ядролық энергетика инфрақұрылымы кеңейген болатын. Үндістан мен Пәкістан арасындағы елдермен сауда байланысы жақсарды. 1970 жылы Пәкістанда Гиллит – Балтистан әкімшілік облысы ұйымдастырылды. Облыс 73 мың шаршы шақырым территорияда 1 млн-ға жуық халықтары бар [5].

Қауіптер: Қақтығыс экономикалық тәуелділіктің болуына алып келуі мүмкін. Әлемде лаңкестік ұйымдар санының артып кету қаупі де тұр десем болады. Суды егер де дұрыс игертпесе оның екі елге де салдары басым болары анық.

Бұл талдауды қорытындалай келе негізінде әлсіз тұстары мен қауіптері басымырақ. Себебі қақтығыстың тым ұзаққа созылып кетуі әлем елдерінде кері әсерін тигізуде. Бірақ мемлекеттер мен ұйымдар осы қақтығысты тоқтату үшін барынша аянбай қызмет етті десем де болады.

Қорытындылай келе жүргізілген талдаудың нәтижесінде Үндістан мен Пәкістан арасында орын алған қақтығыстың шешімін ілгерілету үшін ұйымдар мен мемлекеттердің бірлесіп жұмыстарды атқарғанын байқауымызға болады. Бірақ алаңдаушылықты тудырып отырған мәселелер де бар тараптардың экономикалық тұрғыдан тәуелді болып қалуы, лаңкестік ұйымдардың көбейіп елдің дамуына кері ықпалын тигізуі. Кашмир мәселесін әлемнің ең үлкен территориялық мәселелерінің бірі ретінде қарастыруға болады және олар бірнеше онжылдықтар барысында аймақтағы тұрақсыздықтың негізгі себебі болған еді. Шиеленістің ұзаққа созылуы екі тараптың ішкі және сыртқы саясатының дамуын тежеді. Құлдыраған саясатты қалпына келтіру де қиынға түсері анық. Бірнеше мәселелердің шешімін табу үлкен жұмысты талап етеді. Әрине Үндістан да Пәкістан да өздерінің мүдделерін қорғауға барынша тырысты. Сонымен қатар Біріккен Ұлттар Ұйымы да екі мемлекеттің бірлігі үшін көптеген жұмыстар жасаған болатын. Ұйым саяси шешімдерді қабылдауда тұрғындардың пікірін ескеру үшін Кашмирде референдумға шақырған болатын. Үндістан қолдады бірақ сайлау Кашмирдің «үндістандық» бөлігінде өтеді дегеннен соң, референдумды өткізудің қажеті жоқ деп ойлады. Ал Пәкістан келіспеді және аймақ тұрғындары Үндістанның қарамағында өмір сүргісі келмеген болатын. Екі тарап бірлігі артса, әлем елдеріне де тиімді болады. Сондықтан да елдің тату өмір сүруі үшін байланысты жақсы жаққа бұруы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Үндістан-Пәкістан: Жанжал қайта ушықты [Электронды ресурс] <https://egemen.kz/article/184323-undistan-pakistan-zhandgal-qayta-ushyqty>
2. Area, Population, Density and Urban/Rural Proportion by Administrative Units Archived 22 December 2010 at the Wayback Machine
3. Үндістан мен Пәкістан жанжалы [Электронды ресурс] <http://almaty-akshamy.kz/ndistan-men-p-kistan-zhanzhaly/>
4. 1947 жылғы дау жанжал Орталық Азия зерттеулер журналы
5. "Non-discriminatory market access: Pakistan, India all but sign trade normalisation deal". The Express Tribune. 15 March 2014.